

## Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігін мониторингтеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы № ҚР ДСМ-93 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 қыркүйекте № 29369 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрық 23.11.2022 бастап қолданысқа енгізіледі**

"Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 12) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігін мониторингтеуді жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2022 жылғы 23 қарашадан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

А. Ғиният

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім министрілігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ауыл шаруашылығы министрілігі

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрі

## **Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігін мониторингтеуді жүргізу қағидалары**

### **1 тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігін мониторингтеуді өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасының биологиялық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган, биологиялық қауіп-қатерлерді ерте анықтау және болдырмау мақсатында ветеринария, өсімдіктерді қорғау, ғылым саласындағы, өсімдіктер карантині жөніндегі органдар жүргізетін, биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігін мониторингтеуді жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау – патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектінің қызметі нәтижелерінің сапасын бағалауға арналған шаралар жүйесі;

2) биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігін мониторингтеу – (бұдан әрі – мониторинг) – биологиялық қауіпсіздік саласында ақпарат жинау, биологиялық тәуекелдерді талдау және бағалау бойынша шаралар жиынтығы;

3) биологиялық тәуекелдерді ішкі бағалау – патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектінің өз қызметі нәтижелерінің сапасын бағалауға арналған шаралар жүйесі.

### **2-тарау. Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігіне мониторинг жүргізу тәртібі**

3. Мониторингті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген құзыреті шегінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) жүзеге асырады. Мониторинг жүргізу үшін уәкілетті орган биологиялық қауіпсіздік саласындағы сарапшыларды тартуға құқылы.

4. Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалаудың тиімділігіне мониторинг жүргізу мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) биологиялық қауіпсіздік саласындағы мәліметтер мен деректерді жинау;
- 2) анықталған биологиялық тәуекелдерді талдау;
- 3) анықталған биологиялық тәуекелдерді бағалау;
- 4) биологиялық тәуекелдерді болжау (модельдеу);
- 5) мониторинг нәтижелері туралы қорытынды дайындау;

б) биологиялық тәуекелдерді төмендету және (немесе) жою жөніндегі шараларды (іс-шараларды) әзірлеу.

5. Мониторинг үшін мәліметтер мен деректерді жинау рұқсат беру жүйесінің, мемлекеттік бақылаудың, есептік құжаттаманың, жеке және заңды тұлғалардың өтініштерінің, патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілерді ішкі бағалау нәтижелерінің, мемлекеттік органдарды, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қарамағындағы ақпараттық жүйелерді сыртқы бағалау нәтижелерінің деректері, сондай-ақ ашық көздерден алынған өзге де деректер бойынша жүзеге асырылады.

6. Осы Қағидалардың 4-тармағының 2) - 6) тармақшаларында көзделген кезеңдерді орындау үшін уәкілетті орган ережесі мен құрамын уәкілетті органның бірінші басшысы бекітетін тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрады.

7. Биологиялық тәуекелдерді талдау осы тәуекелдердің себептері мен көздерін, олардың оң және теріс салдарын және осы салдардың пайда болу ықтималдығын қарастыруды қамтиды. Биологиялық тәуекелдерді талдау шеңберінде олардың салдары мен пайда болу ықтималдығына әсер ететін факторлар анықталады.

8. Биологиялық тәуекелдерді бағалау биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалауды осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген сыртқы бағалаудың тиімділік өлшемшарттарымен (индикаторларымен) салыстыруды қамтиды.

9. Бағалау нәтижелері бойынша нәтижелері биологиялық тәуекелдерді азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын тиімді қалыптастыру үшін пайдаланылатын Заңның 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес бекітілетін Биологиялық қауіпсіздік саласында есепке алу, мониторинг пен болжауды (модельдеуді) жүргізу қағидаларына сәйкес биологиялық тәуекелдерді болжау (модельдеу) жүргізіледі.

10. Мониторинг нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мониторинг нәтижелері туралы қорытынды ресімделеді.

11. Мониторинг жылына кемінде 1 (бір) рет кезеңділікпен күнтізбелік 30 күн ішінде жүргізіледі.

12. Заңның 5-бабы 1-тармағының 1) - 5), 11) және 15) тармақшаларында көзделген биологиялық қауіп-қатерлер туындаған кезде уәкілетті орган жоспардан тыс мониторингті жүзеге асырады. Осы тармақтың талаптары шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін адамның және (немесе) жануарлардың аса қауіпті инфекциялық ауруы тіркелген кезде қолданылады.

13. Жүргізілген мониторинг нәтижелері Қазақстан Республикасының ақпаратқа және мемлекеттік құпияларға қол жеткізу туралы заңнамасы талаптарының сақталуын ескере отырып, биологиялық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйеде, сондай-ақ уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылуға жатады.

14. Сыртқы бағалаудың тиімділік өлшемшарттары (индикаторлары) мыналар болып табылады:

1) Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген негізгі биологиялық қауіп-қатерлердің туындауы;

2) белгіленген және ықтимал биологиялық тәуекелдерді іске асыру;

3) биологиялық тәуекелдің жоғары санатқа ауысуы;

4) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның, ветеринария, өсімдіктерді қорғау, ғылым саласындағы, өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдардың Заңның 10-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес бекітілетін Биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесінде белгіленген биологиялық тәуекелдерге сыртқы бағалау жүргізу еселігін сақтамауы;

5) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілердің Заңның 10-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес бекітілетін Биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесінде белгіленген биологиялық тәуекелдерге ішкі бағалау жүргізу жиілігін сақтамауы;

6) биологиялық тәуекелдерді азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындамау;

7) тұрақты бақылауды және мониторингті талап ететін биологиялық тәуекелдерді қоспағанда, биологиялық тәуекелдерді азайту серпінінің болмауы.

15. Осы Қағидалардың 14-тармағында көзделген өлшемшарттардың бірі туындаған кезде комиссия уәкілетті органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша биологиялық тәуекелдерді азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын түзету және іске асыру жөніндегі ұсынымдарды ұсынады.

16. Уәкілетті орган биологиялық тәуекелдерді азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын түзету және іске асыру үшін тиісті реттеу саласының мемлекеттік органына жібереді.

Биологиялық тәуекелдерді  
сыртқы бағалау тиімділігін  
мониторингтеуді жүргізу  
қағидаларына  
1-қосымша  
Нысан

## **Биологиялық тәуекелдерді сыртқы бағалау тиімділігін мониторингтеу нәтижелері туралы қорытынды**

№	Сыртқы бағалау тиімділігінің өлшемшарттары (индикаторлары)	Ескертпе
1	Заңның 5-бабының 1-тармағында көзделген негізгі биологиялық қауіп-қатерлердің туындауы	
2	Белгіленген және ықтимал биологиялық тәуекелдерді іске асыру	

3	Биологиялық тәуекелдің жоғары санатқа ауысуы	
4	Х а л ы қ т ы ң санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның, ветеринария, өсімдіктерді қорғау, ғылым саласындағы, өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органдардың биологиялық тәуекелдерге сыртқы бағалау жүргізу жиілігін сақталмауы	
5	Патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілердің Заңның 10-бабының 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес бекітілетін Биологиялық тәуекелдерді басқару әдістемесінде белгіленген биологиялық тәуекелдерге ішкі бағалау жүргізу жиілігін сақтамауы	
6	Биологиялық тәуекелдерді азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындамау	
7	Тұрақты бақылауды және мониторингті талап ететін биологиялық тәуекелдерді қоспағанда, биологиялық тәуекелдерді азайту серпінінің болмауы	
8	Деректерді ұсынбау немесе дәйексіз деректерді ұсыну	

Қорытынды (тиімді / тиімсіз): \_\_\_\_\_

Комиссия мүшелері:

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

\_\_\_\_\_  
(лауазымы) (қолы) (Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Биологиялық тәуекелдерді  
сыртқы бағалау тиімділігін  
мониторингтеуді жүргізу  
қағидаларына  
2-қосымша

**Биологиялық тәуекелдерді азайту және (немесе) жою жөніндегі іс-шаралар жоспары**

№	Шаралардың (іс-шаралардың) сипаттамасы	Орындау мерзімдері
1		
2		
3		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ